

Александр Сергеевич Пушкиннің туғанына 200 жыл толуына әзірлік және оны өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 24 шілде N 1056

ЮНЕСКО-ның шешімімен 1999 жыл дүниежүзі әдебиеті ұлы ақынының туғанына 200 жыл толуына орай халықаралық Александр Сергеевич Пушкиннің жылы деп жарияланды.

Александр Сергеевич Пушкиннің мерейтойының халықаралық маңызын ескере отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Александр Сергеевич Пушкиннің (бұдан әрі - А.С.Пушкин) туғанына 200 жыл толуына әзірлік және оны өткізу жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Ғылым және жоғары білім министрлігі, Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі, Ұлттық ғылым академиясы, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері А.С.Пушкиннің туғанына 200 жыл толуына арналған іс-шараларды өткізу жөніндегі жұмысты жоғары ұйымдастырушылық деңгейде қамтамасыз етсін.

3. А.С.Пушкиннің туғанына 200 жыл толуына арналған іс-шараларды

қаржыландыру 1999 жылға арналған бюджетте тиісті мемлекеттік мекемелерге - бағдарламалардың әкімшіліктеріне көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999 жылғы
24 шілдедегі
N 1056 қаулысымен
бекітілген

А.С.Пушкиннің туғанына 200 жыл толуына әзірлік және оны өткізу
іс-шаралардың жоспары

ЕСКЕРТУ. Жоспар 11-жолмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.28.

Р991466_

Іс-шара	Атқарылуына жауаптылар
1	2
1. Алматы қаласында Ресей Федерациясының ресми делегациясының қатысуымен жұртшылықтың салтанатты жиналасын және өнер шеберлерінің концертін өткізу	Алматы қаласының әкімі, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі
2. Алматы қаласында А.С.Пушкиннің шығармалары бойынша театр фестивалін өткізу	Бұл да
3. А.С.Пушкин ескерткішіне және оның атына байланысты басқа да тарихи объектілерге қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу, облыстық өлкетану мұражайындағы экспозицияларды, сондай-ақ облыстық жастар мен жас өспірімдер кітапханасын жаңарту	Батыс Қазақстан облысының әкімі, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі
4. Зәки Ахметовтың "Пушкин және Қазақстан" монографиясын, Константин Гайворонскийдің "Пушкиннің дәуірі" атты повесть-эссесін, Валентина Кириллованың "Пушкин әйелдер көзімен" атты жинағын, суретші Альберт Гурьевтің "Менің Пушкинім" атты иллюстрациялар топтамасын бастырып шығару	Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі
5. Шығармашылық интеллигенция арасында "Ескерткіш орнаттым мен қолдан	Алматы қаласының әкімі,

- келмес" атты әдеби-сазды мереке Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
өткізу келісім министрлігі
6. Республикалық және облыстық барлық
кітапханаларда А.С.Пушкиннің мерей. Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
тойына арналған кітап-иллюстрация. келісім министрлігі
лық көрмелер мен белгілі ақын-жазу.
шылармен кездесулер ұйымдастыру
7. "Сондағы құйқылжыған Россини, Еуропа Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
еркесі - Орфей" атты опера және келісім министрлігі
балет өнерінің Еуразиялық
фестивалін өткізу
8. Қазақстан Республикасының Бұл да
Орталық мемлекеттік мұражайында
"Пушкин және оның дәуірі" атты
көрме өткізу
9. Астана қаласында А.С.Пушкиннің
туғанына 200 жыл толуына арналған Астана қаласының әкімі,
жұртшылықтың салтанатты кешін және Мәдениет, ақпарат және
Қазақстан мен Ресейдің өнер шебер. қоғамдық келісім министрлігі
лерінің қатысуымен концерт өткізу
10. А.С.Пушкиннің мерейтойына
байланысты іс-шараларды бұқаралық Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
ақпарат құралдарында кеңінен келісім министрлігі
көрсету
11. А.С.Пушкинге Алматы
Алматы қаласының
қаласында әкімі
ескерткіш

таблицаның жалғасы

Орындау мерзімі Бағдарламалардың тиісті әкімшіліктеріне
(1999 жыл) көздеген шектерде қаржыландыру көздері
бойынша шығыстар сметасы (теңге)

Республикалық	Жергілікті
бюджеттен	бюджеттен

3

4

5

қыркүйек	Алматы қаласының бюджетіне сәйкес
жыл ішінде	Алматы қаласының бюджетіне сәйкес
шілде-тамыз	Батыс Қазақстан облысының бюджетіне сәйкес
жыл ішінде	1518,0
қыркүйек	Алматы қаласының бюджетіне сәйкес
	300,0
жыл ішінде	2714,0
қазан	
	400,0
тамыз	
қараша	Астана қаласының бюджетіне сәйкес
	1000,0
ұдайы	
қараша	- Алматы қаласының бюджетіне сәйкес

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК